



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

В культуре древней Японии самоубийство играло еще большее духовное значение, и носило, скорее, ритуальный характер. В феодальной Японии известна существовавшая древняя традиция ухода из жизни великих воинов - самураев с помощью харакири. Правда сами японцы предпочитают называть это действие другим более правильным словом - сеппуку, оно пишется с помощью тех же символов, что и харакири. Сеппуку было настолько традиционно распространено, что его даже разделили на 2 вида – добровольное сеппуку и обязательное. С 12 века нашей эры добровольное сеппуку широко практиковалось среди самураев, и было связано со стремлением избежать позора попавших в плен воинов. Обязательное сеппуку были обязаны выполнить самураи, приговоренные к казни за какое-то недостойное действие или преступление. При таких обстоятельствах сеппуку считалось более достойным способом ухода из жизни, чем смерть от руки палача. В годы Второй мировой войны в японских вооруженных силах активно использовались отряды добровольцев, готовых пожертвовать своей жизнью ради своей страны, – так называемые «камикадзе». Причем это были не только летчики, но и моряки и даже пехотинцы. Известны попытки создания аналогичных подразделений в фашистской Германии[11].

Что же касается буддизма. Буддизм, в общем, самоубийство отвергает, но допускает его при мучительных болях и болезнях. В Японии, где широко распространены синтоизм и буддизм, самоубийство, как и в Китае, является обычным выходом из многих трудных положений. Буддийские монахи в 60-е годы XX века подвергли себя самосожжению в знак протеста против американской оккупации Вьетнама. В дзен-буддизме самоубийство рассматриваются как проявление доблести. В истории Китая лучшим войнам считался человек, - который готов умереть и не боится смерти.

Список использованных источников

1. Andriolli, Karin. 1998. Gender and cultural construction of good and bad suicide. *Suicide and Life-Threatening behavior*. NY Spring, Volume 28,N1, pp.37-40
2. Первая книга Царство 31:4
3. Вторая книга Царство 17:23
4. Евангелие от Матфея 27:5
5. Чезаря Беккариа. О преступлениях и наказаниях, 1764г. http://krotov.info/library/02_b/ek/karia3.html - С.197
6. Чезаря Беккариа. О преступлениях и наказаниях, 1764г. http://krotov.info/library/02_b/ek/karia3.html - С.201
7. Коран. Перевод Э.Кулиева, Сура «Ан-Ниса» аят 29
8. Авербух В. «Черных вдов» сменяют дети-шахиды? // Российская газета. – 2004. – 3 сент. – С.4.
9. Attran, Scott. 2004. Terrorist and Suicide Attacks. *Science*, April 2, www.sciencemag.org/cgi/data/304/5667/47/DC1/1 pp.47-49
10. Parashat Vayikra - 01 April 2017, <http://www.abaratz.com/index.php?page=fil8.htm>
11. Tarakanov A.V., Suicide attacks as means of political struggle, pp 220.

ОӘЖ 13.91

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ВИЗУАЛДЫ ТАЛДАУ

Оразбаева Дана Ермекқызы

orazbaevadana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Қазақ жері өзінің бай мәдениетімен дәстүрімен тарихымен ерекшеленеді. Оның ұлттық тарихы мәдениеті аса ерте замандардан бастау алады.

Тәуелсіз мемлекет болғалы Қазақ елі өткенін түгендеп, барын барша жұртқа көрсетіп жатыр. Ел мен жерді қорғау ең алдымен сол ел мен сол жердің тарихын білуден басталады. Ел мен жердің мәдениетін дәстүрін тарихын білу тарихта өткен қасиетті ата-бабалар әруағына тағзым етіп, олардың игілікті істерін еске алудан бастау алады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты-өткеннен тағылым алу. Осыған орай еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштері білу әр азаматқа міндет.

Ендігі кезекте, әңгімені ескерткіш деген ұғымға және оның қандай түрлері болатындығына қарай бұрсақ. Ескерткіш – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді қамтиды[1].

Ескерткіштер негізінен 4 түрге бөлінеді: археологиялық ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) өнер ескерткіштері. Сондай-ақ, ескерткіштерге тарихи-танымдық немесе тарихи-көркем құндылығы бар жазбаларды да жатқызуға болады. Оған адамзаттың көне заманнан күні бүгінге дейінгі дамуы жолындағы түрлі саладағы аса маңызды жетістіктерінің ерекше қайталанбас заттық-рухани үлгі-нұсқаларын жатқызамыз. Адам өміріндегі оқиғаларды, белгілі бір елдің, халықтың басынан кешкен тарихи кезеңін еске түсіретін құндылықтарды, қастерлі мұраларды ескерткіш деп атау қалыптасқан. Оларды шартты түрде ауыз әдебиеті ескерткіші, жазба ескерткіші, өнер ескерткіші, сәулет ескерткіші, ұлттық дәстүрлі қолөнер ескерткіші, діни ескерткіш, т.б. деп те түрліше жеткізуге болады[2].

Ал монумент деген ұғымның мағынасы – ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды. Монументтер әдетте, дүние салған адамның құрметіне тұрғызылады. Ескерткіштің кең тараған түрі де - осы, көлемі нақты үлкендеу мүсіндік бейнелер. Олар, көбінесе көрнекті жерлерге, қаланың орталық алаңына, саябаққа, тарихи орындарға, тарихи адамдардың туған жерлеріне, ұрыс даласына орнатылды[3].

Ел Тәуелсіздік алғанан кейін де ұмытылмас есімдер мен тарихи оқиғаларды жаңғыртатын бірқатар ескерткіштер тұрғызылды. Сонымен қатар қазақтың батырларына да арналған ескерткіштер елімізде өте көп. Кеше қилы заманда елін, жерін қасық қаны қалғанша қорғаған бабаларымыздың істері бүгінгі жастарымызға үлгі-өнеге екені сөзсіз. Бір қызығы олардың дені аттың үстінде отыр. Қазақ ұғымында "аттан түспеген" деген әлі де бабында, күшінде, қолында билігі бар, пәрменді, бақуатты деген мағына береді. Бала кезден бәріміз де батырлардың жырын оқып өскен халық. Көкейге тоқып ержеткен. Алпамыс батырдай болғысы келетін. Арман соған жетелейтін.

Отан өз батырларымен бай. Отанның қорғаушыларсыз, мемлекет жоқ. Бытылдық, Отан сүйгіштік, достық - нағыз батырдың сапалары. Батырлар болып дүниеге келмейді, олар болып қалыптасады. Балалық шақтан кішкентай балаға отаншылдыққа, құрметке тәрбиелеу керек. Атамекен үшін ата-аналарға нағыз жігітті тәрбиелеу керек ғой! Халықта дана мақал-мәтелдер бар: "Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі", "Ер барда - ел қор болмас" – деген қазақ мақалдары да батырлардың болмысын сипаттайды.

Елді, жерді қорғайтын батыр болуды кім армандамады дейсіз. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жаумен тірескен батыр бабаларымызды жастардың рухын оятып, жігерін жану үшін әрқашанда қадірлей білген жөн. Тоқтаусыз тіршіліктің ағысына ілесу үшін де өмір батыр болуға жетелейді. Бабалардың баяны жүректерде сақталады. Ерен ерлігі өшпек емес. Сөз басында әдіптеген Алпамыс батырдың ерлігі мен өрлігі келешек ұрпаққа мұра болып жатталады. Батырлар ерлігін ұрпаққа үлгі етуіміз керек. Жастарды батырлыққа тәрбиелеу қажет. Кафе мен мейманхана сала бермей, осындай мағыналы істерді атқарайық. Отанға деген шын ықыласымыз осындай әрекеттерден байқалмақ.

Шымкенттің оңтүстік-батыс жағынан кіре берісінде Алпамыс батырдың ескерткіші орналасты. “Жиделі-байсын жерінде, Қоныраттың елінде, Байбөрі деген бай бопты, Бір перзентке зар бопты...” деп келетін “Алпамыс батыр қазақтың эпостық жырының бас қаһарманы.

Ағыбай батырға ескерткіш 2007 жылы Балқаш қаласындағы Тәуелсіздік алаңында қойылды (мүсінші Ж. Қалиев, суретші Е. Шахиев). Қоңырбайұлы Ағыбай (1802-1885) – қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен әйгілі батыр, қолбасшы. Қазақ ханы Кенесары Қасымовтың Ресей отаршылығына қарсы жүргізілген көтеріліс басшыларының бірі. Туып өскен жері Қарағанды облысындағы Балқаш, Бетпақдала алабымен жапсарласып жатқан Арқаның Қызылтау, Ортау, Ақтау, Ұлытау деп аталатын сілемді таулары. Топырақ бұйырған жері — Ағадыр елді мекенінің оңтүстігінде 80-90 шақырымдай жерде ағып жатқан Қаратал өзенінің бойы, Тайатқан, Шұнақ тауларының алқабы. Ағыбай батырдың шыққан тегі Орта жүз Арғын, оның ішінде Шұбыртпалы руынан өрбиді [4].

Қазақ Мемлекетінің ізін қалаған ұлы Абылай ханның сенімді серігі болған, өзінің алғырлығымен, тапқырлығымен ел іргесін жаудан қорғауда көзсіз ерлік көрсеткен батыр Баян Қасаболатұлының қоладан құйылған ескерткіші Павлодар қаласының орталық аландарының біріне орнатылды. Хан Абылай өз заманында аса жоғары бағалаған екі батыр болса, соның бірі – Баян батыр. Орта жүздің уақ руынан шыққан әйгілі батыр туралы аңыз да, ақиқат та көп. Баян батырдың ескерткіші Павлодарда қаласында ашылды. Қайсарлық пен батылдықты бойына жиған алып мүсін шаһарға кіре беріске орын тепкен. Ескерткіштің бар шығынын демеушілер көтерді. 18 ғасырда жоңғарлармен болған шайқастарда ерлігімен аты шыққан Баян Қасаболатұлының есімі бүгінгі ұрпаққа жақсы таныс. Тарихшылар алмағайып заманда онымен теңесетін баһадүрдің болмағанын алға тартады. Қайсар қолбасшы «Ақтабан шұбырынды - Алқакөл сұлама» оқиғасында батылдығымен, тапқырлығымен көзге түскен Баянды Абылай хан ерекше құрметке бөлепті. Атақты Абылайдың ақ найзалы заманында ел тәуелсіздігі үшін қаһармандықтың үлгісін танытқан хас батыр Баян Қасаболатұлы 1714 жылы дүниеге келген.

Ұлы ағартушы Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» атты мақаласында Баян батыр туралы мәліметтер бар. Онда «Абылайдан: «Үш жүздің батырларының ішінде бәрінен жақсы көріп, құрмет тұтатыныңыз кім?» деп сұрағанда ол былай деп жауап беріпті: «...Өз батырларымның ішінде байлығы мен батырлығы, мінезі жөнінен бәсентіін Малайсары, ақылы мен өжеттігі жөнінен уақ Баян бәрінен артық» делінеді [5].

Ерейментау қаласының орталығында Қанжығалы Бөгенбай батырға ашылған ескерткіші 2009 жылы ашылды. Ақшаұлы Бөгенбай (1678-1175) – Жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық жорығын ұйымдастырушылардың бірі, атақты батыр, ұлы қолбасшы. Шыққан тегі – Орта Жүздің Арғын тайпасының Қанжығалы руынан, есімдері әуелден елге мәлім болған батырлар әулетінен[6].

Қабанбай батырға арнап қойылған ескерткіштер өте көп. Соның бірі Талдықорған қаласында. Ескерткіш 2009 жылы ашылды. Ескерткіштің авторлары: архитекторы – Қабай Баулуков, мүсіншілері – Мәлік Жүнісбай, Болат Құсайынов. Биіктігі 5 метр, салмағы 5 тоннаны құрайды. Қабанбай (Ерасыл) батыр етегі Алакөлге малынып жатқан Тоқта-Барлық тауының маңында, Барқытбелдің күнгей жағына орналасқан Мәмбет ауылында Ерасыл (Қабанбай) дүниеге келген. Ол өзінің қайраттылығымен ғана басқа балалардан өзгеше болған жоқ, сонымен қатар оның арқасындағы қалың, қылдай түктері ерекшелендірді. XVIII ғасырдың бас кезінде, яғни 1702 жылы Барлықтағы алғашқы айқаста әкесі Қожақұл батыр аз адаммен қоршауда қалып, ақыры ауыр жарақаттан мерт болады[7].

Аты аңызға айналған ержүрек батырларымыздың бірі, XVIII ғасырдағы Қазақ елінің жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық соғысындағы көрнекті батыры — Шапырашты Наурызбай Құттымбетұлы. Наурызбай батырдың (2006 жылы) 300 жылдық мерейтойына орай Алматы облысының Қарасай ауданының аумағындағы биік төбе басына ескерткіш орнатылды. Ескерткіш жобасының авторы: Қ. Жарылқапов, мүсінші Н. Далбай, тас кесу жұмыстары - В. Черепанов. Ескерткіш 2006 жылдың 16-шы қыркүйегінде ашылды[8].

Сондай ақ, Қостанай облысы, Меңдіқара ауданында алыстан менмұңдалап тұратын Тұрсынбай батыр ескерткіші орнатылды және тарихта Шақшақ Жәнібек атанған батырға 1993 жылы Арқалық қаласында ескерткіш орнатылды[9].

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Ақтөбе қаласының Әбілқайыр хан даңғылы мен Тілеу батыр көшесінің қиылысындағы алаңда Тілеу батыр Айтұлына арналған ескерткіш орнатылады. Шығыс Қазақстандағы киелі Жарма өңірінде қазақтың қас батырларының бірі - Ер Жәнібекке арналған ескерткіш кешені ашылды. Абақ Керей руынан шыққан Жәнібек батыр жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста ерен ерлігімен көзге түскен. Алайда оның есімі көпке дейін ұлықталмай келген еді.

Қостанайда Қобыланды батырға ескерткіш орнатылды. Баһадүрдің қола мүсіні қаладағы тоғыз жолдың торабына қойылды. Тайбурылын тақымдап, көк сүңгілі найзасын қолға алған Қобыланды батыр шаһардағы Герцен және Киев көшесінің қиылысында тас тұғырға қонды. Атап өтейік, Қостанай қаласында бұндай ескерткіш болған емес. Еңселі ескерткіш авторлары - еліміздің танымал сәулетшілері Әбдікәрім мен Әбдімүтәліп Ахметовтер. Қос сәулетші Қобыланды батырдың қайталанбас тұлғасын, қайтпас қайсарлығын, өрлігі мен ерлігін шынайы бейнелеп берген. Орта ғасырдағы Алтын Орда, Ноғай Ордасы дәуірінің аса көрнекті тұлғасына қойылған ескерткіштің ашылу салтанатына батырдың ұрпақтары да қатысты[10].

Қорыта келе, тарихи-мәдени ескерткіштердің Қазақстан мәдениетінде алатын орны ерекше. Сол батырларға арналған ескерткіштер арқылы өткенімізді зерттеп, тарихқа терең үңілеаламыз. Осы тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми негізде терең әрі дәйекті зерттеу, зерделеу сол арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу, сол өткен тұлғалардан батырлардан үлгі - өнеге беріп болашақ ұрапақты тәрбиелеу. Осы тарихи ескерткіштерді көркейте отырып, көне ескерткіштері туристік жерлерге айналдырып, барынша отандық және шетелдік туристерге жағдай жасап, ескерткіштерді ел экономикасының көтерілуіне себепін тигізуіне мүмкіндік туғызуымыз керек. Бұл қазақ елін, жерін, тарихын бүкіл әлемге паш ете отырып, экономиканың көтерілуіне де өз үлесін қосады және Қазақстанның шетелдермен байланысын нығайта түсуіне мүмкіндік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Визуальная Антропология: Городские карты памяти под редакцией П.В. Романова, Е.Р. Ярской-Смирновой Москва 2009
2. Ақсауыт. Батырлар жыры. 1 том. –Алматы: «Жазушы», 1977.
3. .«Мәдени мұра» – ұлттық тарихтың негізі //Айқын. Республикалық қоғамдық-саяси газет.
4. Қазақ энциклопедиясы - Алматы: 2004
5. Ш. Уәлиханов көп томдық шығармалар жинағы. // Алматы 2010 186 б.
6. <http://www.astanatv.kz/news/show/i>
7. Қазақ энциклопедиясы - Алматы: 2004
8. <http://old.el.kz>
9. www.astanatv.kz/news/show/i
10. www.astanatv.kz/news/show/i